



Техникалық емес түйіндеме

Қызылорда–Жезқазған жолын қалпына келтіру жобасы, Қазақстан

2021 жылғы маусым

Мазмұны

1. Жобаның сипаттамасы	3
1.1. Жобаға шолу	3
1.2. Жоспарланған қайта жаңарту және жол салу	4
2. Негізгі мәліметтер	10
2.1. Жобаның негіздемесі	10
2.2. Құқықтық аспектілер және талаптарға сәйкестік	11
2.3. Жобаны бағалау	11
3. ҚОӘБ процесі	12
3.1. Жобаны әзірлеу және нормативтік талаптарды сақтау	12
3.2. Жария консультациялары, ақпаратты жариялау және қарсылықтарды қарау	12
4. Экологиялық пайдалардың, ықтимал қолайсыз әсерлердің, зардаптарды жеңілдету және басқару жөніндегі шаралардың түйіндемесі	13
4.1. Ауа сапасы	13
4.2. Шу және діріл	13
4.3. Ресурс тиімділігі	14
4.4. Парниктік газдар және климаттың өзгеруі	14
4.5. Суды пайдалану және ағын сулар	14
4.6. Қалдықтар	15
4.7. Ластану	15
4.8. Экологиялық қауіп	16
4.9. Биоалуантүрлілік және жабайы табиғат ресурстары	16
4.10. Мәдени ресурстар	16
4.11. Ландшафт және визуалды аспект	17
5. Әлеуметтік жеңілдіктердің, ықтимал қолайсыз әсерлердің, жеңілдету және басқару шараларының қысқаша мазмұны	18
5.1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі	18
5.2. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі	18
5.3. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік гигиена	18
5.4. Жерді иеліктен шығару және қоныс аудару	19
5.5. Басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелер	19
6. Өзара әрекеттесу	22
6.1. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспары	22
6.2. Шағымдарды қарау тетігі	22
6.3. Байланыстар	22

1. Жобаның сипаттамасы

1.1. Жобаға шолу

Қазақстан үкіметі Еуропа қайта құру және даму банкіне (ЕҚДБ) Қызылорда–Жезқазған жолының 204 шақырымдық учаскесін жедел реконструкциялауды және Қызылорда айналма жолының 15 шақырымдық жаңа учаскесін (4 қозғалыс жолағы) салуды қаржыландыру үшін мемлекет кепілдік берген кредит беруді сұрап жүгінді. ЕҚДБ екі учаскелерін қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруда, дегенмен осы ТЕТ Қызылорда–Жезқазған ұзындығы 204 км (12 км дейін 216 км) жол учаскесі үшін ғана мақұлданған, себебі жоба ЕҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатының талаптарына жауап беретін В санатына сәйкес келеді, ал ұзындығы 15 км Қызылорда айналма жолы А санаты жоба ретінде – “Жаңа құрылыс жобасы” – жіктеледі. Бұған дейін ЕҚДБ Қазақстандағы бірнеше басқа жол жобаларын табысты қаржыландырған болатын. Қайта құру Қызылорда қаласын (елдің оңтүстігіндегі күріштің негізгі өндірушісі) және Орталық Жезқазғанды (Қазақстанның мыс астанасы) байланыстыратын ұзындығы 427 км болатын 220 км жолды қамтиды.

Ұзындығы 204 км қайта құрылатын жол қолданыстағы жолға, 30 жылдан астам уақыт бұрын салынған III техникалық санаттағы екі жолақты жолға, сәйкес келетін болады. Инвестициялар жолды II техникалық санатқа дейін жаңғыртуды көздейді, оған гендерлік аспектілерді, демалыс аймақтарын, қоғамдық көлік аялдамаларын ескеретін жолдар, жол жабындары, көпірлер, жолайырықтар, жол бойындағы құрылыстар салу, сондай-ақ инженер-бақылаушыларды қаржыландыру және жобаны іске асыру тобының (ЖИАТ) жұмыстарына көмек көрсету кіреді. Құрылыс аяқталғаннан кейін жол Компанияның бүкіл ел бойынша таяуда қайта жаңартылған жолдарда жүргені үшін ақы алудың электрондық жүйесін енгізу жөніндегі ағымдағы жұмысы шеңберінде ақылы болады (бұл аспект ЕҚДБ-ның осы жобасы шеңберінен шығады).

Жол құрылысы жөніндегі ЖИАТ “ҚазАвтоЖол” құрылыс жөніндегі дирекциясының, мемлекеттік ұлттық жол операторының қарамағында болады. “ҚазАвтоЖол” Қазақстанның Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен (ӨИДМ) қызмет көрсету туралы келісімі шеңберінде ұлттық автомобиль жолдарын жобалаумен және салумен айналысады. Компания ақылы жолдарды басқаруға, соның ішінде жол ақысы мен техникалық қызмет көрсетуге жауап береді. Компания жолды қалпына келтіру бойынша осы жобаны іске асыру үшін жалпы жауапты болады.

Жолдың алты учаскесінің әрқайсысы үшін қоршаған ортаға әсерді ұлттық бағалау (ҚОӘБ) әзірленіп, бекітілді: 12-24 км, 24-76 км, 76-127 км, 127-156 км, 156-186 км және 186-216 км. Қазіргі уақытта барлық алты учаске үшін жол жобасын әзірлеу аяқталды. Жол учаскелерін салу бойынша тендерлер әлі басталған жоқ. Бастапқыда құрылыс 2021 жылдың I тоқсанында жолдың көп бөлігінде басталады деп жоспарланған болатын. Көрсетілген мерзімде жұмыс басталмаса да, құрылыс жол жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 36 ай ішінде аяқталады.

Жол құрылысына байланысты негізгі ықтимал уақытша салдарлар:

- жол бойындағы шектеулі қоғамдық және коммерциялық қол жетімділік (жергілікті тұрғындардың ескерткіштер мен зираттарға жақындаумен қоса);
- кафе, қызмет көрсету аймақтары, жанармай құю станциялары мен тас жолға жақын орналасқан кәсіпорындар үшін уақытша кірісті жоғалту;
- ауа сапасының төмендеуі;
- шу мен діріл; сонымен қатар
- жақын маңдағы үйлер үшін жергілікті қолайсыздықтар және трафиктің көбеюі.


Құрылыс жұмыстарына байланысты әсер әзірленген Экологиялық және әлеуметтік шаралар жоспарын (ЭӘШЖ) іске асыру есебінен барынша азайтылатын болады.

Бұл құжат техникалық емес түйіндеме (ТЕТ) болып табылады, осында техникалық емес тілде жобаның қысқаша мазмұны, жобаның тарихы мен сипаттамасы, ҚОӘБ ұлттық процесі, экологиялық және әлеуметтік пайда/әсер ету, ЭӘШЖ жобасына енгізілген жұмсарту және басқару шаралары, сондай-ақ байланыс деректері қамтылған. Сондай-ақ, шағымдарды беру және қарау тетіктерін қамтитын Жоба үшін Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспарының (МТӨЖ) қысқаша мазмұны келтіріледі.

1.2. Жоспарланған қайта жаңарту және жол салу

ЕҚДБ қаржыландыратын ұзындығы 204 км “Қызылорда Жезқазған” жолының ұсынылып отырған учаскесі Қызылорда облысының Сырдария және Шиелі аудандарында орналасқан. Бұл жол Жезқазған және Қызылорда қалаларын жалғайтын жалғыз жол болып табылады және Қазақстан Республикасындағы көлік қатынасын және Орталық Азияға кіруді қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Жолдың орналасуы Сур. 1-1 төменде көрсетілген.

Сур. 1-1 Қазақстанда жолдың орналасуы



Дереккөз: Google maps–Республикалық маңызы бар “Қызылорда–Павлодар–Успенка–Ресей Федерациясының шекарасы” автомобиль жолын қайта жаңарту, Қызылорда-Жезқазған учаскесі 12-424 км, 76-127 км учаскесі, ҚОӘБ 26-05-61/12-00С, 2020 ж., 1-қосымша.

Ұсынылған жолдың бағыты қазіргі жолға сәйкес келеді және қолданыстағы жол төсемін барынша қолдана отырып жүреді. Ұсынылып отырған жол жол жүру үшін ақы алу пункті мен өтпелі жылдамдық жолақтары орналасқан жерлерде кеңейтілетін болады. Ең жақын тұрғын аудан қайта құрылатын учаскеден 279 м қашықтықта орналасқан. Жол бойында салынған инженерлік коммуникацияларды сақтай отырып, жол учаскесі қолданыстағы жол таңбасы бойынша қайта жаңартылатын болады.

Жол дәлізі дала / шөл ландшафтындағы салыстырмалы түрде тегіс жер арқылы өтеді. Жолға іргелес аумақ ішінара интенсивті емес мал жаю үшін қолданылады. Қызылорда облысы негізінен құрғақ және өсімдіктерсіз.

Жол Қызылорданы айналып өтпей жалпы ұзындығы 203,881 км (14,585 км, I санат) алты учаскеге бөлінген. Жол “Автомобиль жолдары туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес II санатқа жатқызылатын болады (2001 ж. шілде № 245, 02.07.2020 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), жолдың осы түрі үшін бөлінген белдеу (ББ) әр жағынан оның орталығынан 20 м құрайды.

Төменде жол учаскелерінің қысқаша сипаттамасы келтірілген.

- 1-жол телімі: 12-24 км (ұзындығы 25,908 км) Қызылорда айналма жолы қоса алғанда;
- 2-жол телімі: 24-76 км (ұзындығы 53,551 км);
- 3-жол телімі: 76-127 км (ұзындығы 50,114 км);
- 4-жол телімі: 127-156 км (ұзындығы 28,335 км);
- 5-жол телімі: 156-186 км (ұзындығы 30,010 км); және
- 6-жол телімі: 186-216 км (ұзындығы 30,548 км).

Жол III санаттан (кейбір учаскелердегі IV санат) II санатқа дейін жаңғыртылатын болады. Жол құрылысының кейбір негізгі сипаттамалары төменде келтірілген (Кесте 1-1).


Кесте 1-1 – Жол бойындағы объектілер мен учаскелердің есептік саны

	12 – 24*	24 – 76	76 – 127	127 – 156	156 – 186	186 – 216
Жол санаты	II	II	II	II	II	II
Ұзындығы (км)	11,323	53,551	50,114	28,335	30,010	30,548
Құламалар	13	11	11	6	6	7
ІҚМ арналған жерасты өткелдер	3	-	2	-	-	1
Тұрақ және демалыс алаңдары	2	1	2	1	1	1
Автобус аялдамалары	2	-	-	-	-	-
Көпірлер	2	-	-	-	-	-
Қиылыстар	-	-	-	-	-	-

* **Ескертпе:** бұл учаске Қызылорда айналма жолына қосылады. Осы ТЕТ және ҚӨО бағалауының тікелей бөлігі болмаса да, айналма жолының құрылымдық ерекшеліктері: IV санаты, ұзындығы 14,585 км, 2 құлама, малға арналған 3 жер асты өткелі, 1 көпір және 2 қиылыс.

1-учаске: 12-24 км

Сур. 1-2 – 1-учаске (12-24 км)



Дереккөз: 26.01.2021 ж. № 01-0043/21 мемлекеттік сараптама қорытындысы

1-учаске Қызылордадан 12 км-де басталады. Бұл учаске Сырдария ауданында орналасқан, ал басты әкімшілік орталығы Тереңөзек қалалық типтегі кенті болып табылады. Жол

бойындағы жер негізінен өсімдіктері жоқ дамымаған құмды жер болып табылады. Жолдың осы бөлігіндегі жер аз қоныстанған, онда он шақты тұрғын үй бар. Үйлер бөлінген белдеу аймағынан тыс жерде орналасады, бірақ олар құрылыс жұмыстары нәтижесінде пайда болатын шаң мен шудан зардап шегуі мүмкін және жоба олардың кіру құқығына әсер етуі мүмкін.

Жолдың 1-учаскесі бірде-бір ірі елді мекенді кесіп өтпейді, үй шаруашылықтары көп емес, ал тіршілік ету қаражаты ауыл шаруашылығымен және кірпіш зауытымен байланысты. Бұл аймақта трассаның жанында орналасқан кафе (40 м шегінде) және бірқатар тұрғын емес ғимараттар бар.

Жолдың осы бөлігінде үш зират және бір тұрақ бар.

Төменде Сур. 1-2 жолдың 1-учаскесі және оның құрастыру ерекшеліктері көрсетілген.

2-учаске: 24-76 км

Жолдың 2-учаскесі Сырдария және Шиелі аудандары арқылы өтеді. Бұл учаскедегі жол бойындағы жер негізінен ауылшаруашылығы мен мал жаю үшін қолданылады. Жолдың осы учаскесінде бірнеше үй шаруашылықтары орналасқан. Тұрғын үйлер бөлу аймағынан тыс жерде орналасады, бірақ олар құрылыс жұмыстары нәтижесінде пайда болатын шаң мен шудан зардап шегуі мүмкін және олардың кіру құқығына әсер етуі мүмкін.

Қатым құдығы жолдан оңтүстікке қарай 320 м жерде орналасқан. Бұл учаскеде саздауытты өндіру үшін уақытша ақылы ұзақ мерзімді жер пайдалануда жер бар.

Төменде (Сур. 1-3) жолдың 2-учаскесі және оның құрастыру ерекшеліктері көрсетілген.

Сур. 1-3 – 2-учаске (24-76 км)



Дереккөз: "Республикалық маңызы бар А-17 "Қызылорда–Павлодар–Успенка–Ресей Федерациясының шекарасы" автомобиль жолын қайта жаңарту" жобасы бойынша жолдың және ілеспе инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйін техникалық тексеру " техникалық есебі 24-76 км учаскесі"


3-учаске: 76-127 км

Жолдың 3-телімі Сырдария және Шиелі аудандары арқылы өтеді. Бұл аймақ одан да аз қоныстанған, дегенмен жол бойында бірнеше үй бар. Тұрғын үйлер ББ аймағынан тыс жерде болады, бірақ құрылыс жұмыстары кезінде шаң, шу және қол жетімділік шектеулі болуы

мүмкін. Маршрут фермерлік және маусымдық жайылымдар арқылы өтеді, бірнеше мемориалдар/зираттар, демалыс орны бар кафе және арнайы тұрақ бар.

Төменде (Сур. 1-4) жолдың 3-учаскесі және оның құрастыру ерекшеліктері көрсетілген.

Сур. 1-4 – 3-учаске (76-127 км)




Дереккөз: “Қызылорда–Павлодар– Успенка–Ресей Федерациясының шекарасы” республикалық маңызы бар автожолын қайта жаңарту, “Қызылорда–Жезқазған” учаскесі 12-424 км, ҚОӘБ учаскесі 76-127 км.

4-учаске: 127-156 км

4-учаске Шиелі ауданында орналасқан. Бұл жол телімі мал жаю үшін қолданылады. Бұл учаскеде ешқандай үй шаруашылықтары байқалған жоқ. Жолдың осы бөлігінде екі зират / мемориал орналасқан. Жанармай құю станциясы мен “Санқуру” кафесі шамамен 153-4 км қашықтықта орналасқан. Төменде (Сур. 1-5) жолдың 4-учаскесі және оның құрастыру ерекшеліктері көрсетілген.

Сур. 1-5 – 4-учаске (127-156 км)



Дереккөз: 03.12.2020 ж. № 01-0574/20 мемлекеттік сараптама қорытындысы

5-учаске: 156-186 км

5-учаске Сырдария және Шиелі аудандары арқылы өтеді. Бұл учаскедегі жер ауылшаруашылығы мен маусымдық жайылымдарға пайдаланылады. Бұл учаскеде екі үй шаруашылығы (екеуі де жолдан 1 км-ден астам қашықтықта) және кафе бар. Төменде (Сур. 1-6) жолдың 5-учаскесі және оның құрастыру ерекшеліктері көрсетілген.

Сур. 1-6 – 5-учаске (156-186 км)




Дереккөз: археологиялық сараптаманың 31.10.2019 ж. № ЗАЭ-180 қорытындысы 1-қосымша.

6-учаске: 186-216 км

6-учаске Сырдария және Шиелі аудандары арқылы өтеді. Бұл учаскедегі жер ауылшаруашылығы мен маусымдық жайылымдарға пайдаланылады. Сонымен қатар, бұл учаскеде карьер, автотұрақ, кафе және зират/мемориал бар. Төменде (Сур. 1-7) жолдың 6-учаскесі және оның құрастыру ерекшеліктері көрсетілген.

Сур. 1-7 – 6-учаске (186 – 216 км)



Дереккөз: 24.11.2020 № 01-0550/20 мемлекеттік сараптама қорытындысы.

Бар объектілердің қысқаша сипаттамасы

Кесте 1-2 жол бойында орналасқан негізгі нысандарды қамтиды.

Кесте 1-2 – Жол бойындағы объектілер мен учаскелердің есептік саны

Нысан	Жолдан шамамен 30-50 м шегінде	Жол шекарасынан әрі қарай (>50 м-ден шамамен 500 м-ге дейін)
Жанармай құю станциясы	2	
Кафе	5	
Үйлер	1	14
Тұрақ	5	
Зираттар / мемориалдар	0	9
Карьер	1	
Қатым құдығы	0	1

2. Негізгі мәліметтер

2.1. Жобаның негіздемесі

Жол 1970-жылдары жүк көтергіштігі 6 тоннаға дейінгі ауыр жүк көліктері үшін салынды, содан бері күрделі жөндеу жүргізілген жоқ. Жол жамылғысы көптеген шұқанақтар, шұңқырлар және жарықтармен нашар жағдайда, құбырлар мен жер төсемдерінің айтарлықтай деформациясы байқалады, ал су құбырлары қайта құру мен кеңейтуді қажет етеді. Аймақтың дамуына, қозғалыс қарқындылығының және ауыр жүк көліктері санының артуына байланысты жолдардың тозу қарқыны едәуір артты. Бұдан басқа, қолданыстағы жол жүріс бөлігінің ені жеткіліксіз болғандықтан қауіпсіздік талаптарына және қозғалысқа қолданыстағы сұраныс үшін жол жүрісі қауіпсіздігінің техникалық талаптарына жауап бермейді. Қазіргі уақытта жолдың кейбір учаскелері мүлдем қауіпті болып саналады.

ЕҚДБ қаржыландыратын ұзындығы 204 км “Қызылорда–Жезқазған” жолының ұсынылып отырған учаскесі Қызылорда облысының Сырдария және Шиелі аудандарында орналасқан. Бұл Жезқазған мен Қызылорда қалаларын жалғайтын жалғыз жол. Қызылорда еліміздің оңтүстігіндегі күріштің негізгі өндірушісі, ал Жезқазған еліміздің мыс астанасы болғандықтан, жолды жаңғыртудың маңызы зор. Бұдан басқа, жолдарды жаңғырту жүктер мен жолаушыларды тасымалдау үшін маңызды өңіраралық жолды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасындағы көлік қатынасын және Орталық Азияға қолжетімділікті жақсартады. Бұл елдің оңтүстігінде сауданы қамтамасыз ететін Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының (ОАӨЭЫ) 1–негізгі дәлізіне және солтүстігінде Орталық–Солтүстік–Ресей Федерациясының шекарасы дәлізіне қосылатын жол.

Қайта жаңартудан кейін ол Орталық Азиядан Ресей Федерациясына транзиттік ағындар үшін ең қысқа көлік қатынасын, сондай-ақ жол бойындағы өте аз қоныстанған және экономикалық жағынан оқшауланған елді мекендер үшін әлеуметтік маңызы бар маршрутты қамтамасыз етеді. Жолды қайта құру әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктердің қол жетімділігін жақсарту мақсатында аймақтық қалалар арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету үшін Covid-19 таралуына байланысты дағдарысқа қарсы аймақтық шаралар аясында үкіметтің басым міндеті болып табылады.

Қазіргі уақытта жол Қазақстандық жол стандарттарына сәйкес III санаттағы (кей жерлерде IV санаттағы) екі жолақты жол болып табылады. Қайта жаңарту нәтижесінде II жоғары техникалық санатқа жол салынатын болады. Қайта құру қоршаған ортаға жағымды әсер ететін асфальтбетон жабынын қамтиды, өйткені ол шаңның пайда болуын едәуір азайтады. Бұл сонымен қатар жол жүру жағдайын едәуір жақсартады және шығарындыларды азайтады, сонымен қатар жанармайдың ағып кетуінен болатын апаттар мен ластану ықтималдығын азайтады.

Осылайша, жобаның артықшылықтары мыналарды қамтиды:

- Көлік байланысын жақсарту;
- Жол жүру уақытын қысқарту және транзитті арттыру;
- Жол қозғалысына қатысушылар мен қоғамдық көлік жолаушыларының тәжірибесін жақсарту;
- Жол-көлік оқиғаларының санын қысқарта отырып, жол жүрісі қауіпсіздігін арттыру;
- Аймақтағы жұмысшыларды жұмыспен қамту, әсіресе құрылыс кезінде. Тікелей, жанама және индукцияланған жұмыс орындары ашылады (жоба жұмысшылары мен қызметкерлерінің шығындары есебінен құрылған жұмыс орындары);
- Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік қызметпен байланысты өңірлік экономикалық даму және жалпы өңірдегі инвестициялардың ұлғаюы; сондай-ақ
- Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын жақсарту.

2.2. Құқықтық аспектілер және талаптарға сәйкестік

Қызылорда–Жезқазған жолы үшін техникалық-экономикалық негіздеме жүргізіліп, қазіргі уақытта жобалау толығымен аяқталды.

Ұлттық ҚОӘБ автомобиль жолдарын жобалау және салу жөніндегі Қазақстан Республикасының қағидаларына, нормаларына және стандарттарына сәйкес автомобиль жолдарының учаскелері үшін әзірленді. ҚОӘБ бойынша Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары 2020 жылғы қараша мен 2021 жылғы қаңтар аралығында алынды.

ЕҚДБ-ның жобаларды жүзеге асыру (PR), ЕО стандарттарына және озық тәжірибе талаптарына сәйкес Ұлттық ҚОӘБ-дағы олқылықтарға және басқа да негізгі құжаттамаға тәуелсіз талдау жүргізілді. Анықталған олқылықтар ЭӘШЖ әзірлеу және енгізу, сондай-ақ осы ТЕТ мен МТӨЖ қамтитын ақпаратты ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жариялау пакеті үшін пайдаланылды.

МТӨЖ потенциалды мүдделі тараптарды айқындауды, консультациялар жүргізу үшін пайдаланылатын әдістерді және сақталатын жазбаларды қоса алғанда, консультациялар өткізу және жоба туралы ақпаратты жариялау үшін негізді қамтамасыз етеді. Экологиялық және әлеуметтік мәселелер.

Потенциалды экологиялық және әлеуметтік салдарлар (халық пен еңбектің денсаулығы мен қауіпсіздігін қоса алғанда) айқындалды және ҚОӘБ шеңберінде ұсынылған салдарларды жеңілдету жөніндегі шаралар әзірленді. Салдарды жеңілдету жөніндегі одан әрі шаралар ЭӘШЖ-на жүзеге асырылатын іс-шаралар ретінде енгізілген олқылықтарды талдау шолуларында айқындалды. “ҚазАвтоЖол” өзіне ЭӘШЖ-ын жүзеге асыру міндеттемесін алады. Негізгі әсерлер мен зардаптарды жеңілдету жөніндегі шаралардың қысқаша мазмұны келесі бөлімде келтіріледі.

2.3. Жобаны бағалау

Құрылыс және пайдалану кезеңдерінде әзірленген салдарларды жеңілдету жөніндегі шараларды қоса алғанда, жол жобасына байланысты түйінді әлеуетті экологиялық және әлеуметтік салдарлар мыналар болып табылады:

Климат және ауа сапасы Шу және діріл Су ресурстарын басқару Жер үсті сулары Жер асты сулары Ағынды суларды басқару	Қалдықтарды басқару Геология және жер Экожүйелер, флора және фауна Геоқауіптіліктер Мәдени ресурстар Көрнекі ландшафт	Еңбек стандарттарын қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы Жол жүрісі қауіпсіздігін қоса алғанда, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі Жерді иеліктен шығару Басқа да әлеуметтік-экономикалық әсерлер
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3. ҚОӘБ процесі

3.1. Жобаны әзірлеу және нормативтік талаптарды сақтау

Ұлттық ҚОӘБ автомобиль жолдарын жобалау және салу жөніндегі Қазақстан Республикасының қағидаларына, нормаларына және стандарттарына сәйкес автомобиль жолдарының учаскелері үшін әзірленді. ҚОӘБ бойынша Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары 2020 жылғы қараша мен 2021 жылғы қаңтар аралығында алынды.

Мемлекеттік сараптаманың барлық оң қорытындылары Қазақстанның Экологиялық кодексінің талаптарын сақтауды, ҚОӘБ құжаттарында белгіленген шығарындыларды шектеуді сақтауды, сондай-ақ Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына нақты шығарындылар туралы тоқсан сайынғы есептілікті талап етеді.

ЭӘШЖ ЕҚДБ-ның жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарына, Еуропалық Одақ (ЕО) стандарттарына және озық халықаралық практикаға толық көлемде сәйкес келуі үшін енгізу бойынша ұсынылатын шараларды қамтитын ЭӘІЖ көмегімен жойылған олқылықтарды анықтау мақсатында талданды.

Болашақта жол-құрылыс компаниялары үшін тендерге қатысуға шақырулар берілетін негізгі кезеңдер болады және олар барлық қажетті рұқсаттарды, соның ішінде осыдан басқа да рұқсаттарды алуға тиіс болады:

- Құрылысқа рұқсат;
- Су жинауға рұқсат (қажет болған жағдайда);
- Атмосфераға шығарындылар шегі; және
- Атмосфералық ауаға шығарындылар үшін төлемдерді есептеу.

3.2. Жария консультациялары, ақпаратты жариялау және қарсылықтарды қарау

Мүдделі тараптарды тарту және жария тыңдауларды ұйымдастыру Қазақстанның ұлттық заңнамасына сәйкес міндетті талап болып табылады. 2020 жылы Қызылорда–Жезқазған автожолының жобасын дайындау кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үш қоғамдық кеңес өткізілді.

- Қызылордада –2020 жылдың 18 ақпанында Қызылорда қаласы, Алтынсарин көшесінде орналасқан Достық үйінде.
- Сырдария облысында – 2020 жылғы 19 ақпанда Тереңөзек, Қонаев көшесінде орналасқан мәдениет үйінде; сондай-ақ
- Шиелі ауданы –2020 жылғы 20 ақпан “Арман” кинотеатрында, Шиелі ауылы, RU-6, Көкшоқы шағынауданында

Төменде көрсетілгендей фокус-топтардағы сұхбаттар мен талқылауларды қоса алғанда, мүдделі тараптарды тарту бойынша басқа да іс-шаралар өткізілді. Әрбір консультация туралы толық ақпарат МТӨЖ шеңберінде ұсынылады.

- Қоғамдық жиналыстар;
- Фокус-топтардағы талқылаулар;
- Негізгі ақпарат берушілермен сұхбат;
- Қосымша сұхбат;
- Қызылордадағы “Қазавтожол” өңірлік филиалымен кездесу; және
- Облыс әкімімен кездесу.

Арнайы осы жоба үшін МТӨЖ әзірленді, ол болашақ қатысу туралы толық ақпарат береді және жобаның барлық кезеңдерінде тиімді үздіксіз коммуникацияны қамтамасыз ету үшін шағымдарды қарау тетігін қамтиды.

4. Экологиялық пайдалардың, ықтимал қолайсыз әсерлердің, зардаптарды жеңілдету және басқару жөніндегі шаралардың түйіндемесі

4.1. Ауа сапасы

ҚОӘБ ауа сапасына нақты негізгі зерттеулер немесе бағалау жүргізілмегенін көрсетеді. Алайда, құрылыс кезінде туындауы мүмкін атмосфераға шығарындылардың есептеулері жүргізілді және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес 50 м ретінде айқындалған жоба үшін санитариялық-қорғаныш аймағының (СҚА) шекарасында ұлттық заңнамада талап етілетін шоғырланулар “1,0 ШЖШ (шекті жол берілетін шоғырлану)” төмен болады деп болжануда.

Қызылорда–Жезқазған жолының учаскесін аралау кезінде жақын маңдағы тұрғын үй ауданы трассадан 279 м қашықтықта орналасқандығы, бірақ жақын орналасқан, сондай-ақ құрылыстың басталуы кезінде пайдаланылатын уақытша бүйірлік жолға қатысты жеке тұрған ғимараттар болуы мүмкін екендігі атап өтілді. Бұл әсер ету объектілеріне жобаның құрылысы мен пайдаланылуы әсер етуі мүмкін.

Құрылыс кезеңінде салдарды жеңілдету бойынша жалпы шаралар анықталды. Олар рецепторларға ықтимал әсерді одан әрі азайту үшін қосымша тиісті шаралармен қамтамасыз етілуі керек.

Қозғалыс модельдеу деректері жұмыс кезеңінде сезімтал әсер ету объектілеріне әсерді бағалау үшін ауа сапасын модельдеу қажет болуы мүмкін бе деген мәселені қарастыру үшін қажет. Егер ауа сапасын бағалау нәтижелері Қазақстан мен ЕО-дағы ауа сапасының тиісті стандарттарынан төмен шоғырлануды көрсетсе, онда зардаптарды жеңілдету жөніндегі ешқандай шаралар талап етілмейді. Егер модельдеу жобаға байланысты жоғары концентрацияны және/немесе ауа сапасының стандарттарынан асып кетуді көрсетсе, онда жеңілдету үшін қосымша шаралар қажет болады.

Жоғарыда көрсетілген талаптар ЭӘШЖ-ға енгізілген.

4.2. Шу және діріл

Жол бойындағы шу және діріл әсер ету объектілерін анықтау жұмысы жүргізілген жоқ. Алайда құрылыс және пайдалану кезеңдерінде зардаптарды жеңілдету жөніндегі жалпы шаралар айқындалды.

Шу мен дірілге әсер ететін сезімтал объектілерге жолдың жанында немесе оған жақын орналасқан мүлік пен елді мекендер кіруі мүмкін. ҚОӘБ осы аймақтағы бірнеше елді мекендерге қатысты, бірақ бұл елді мекендердің жобадан жақындығы көрсетілмейді. Қарастырылған карталарға сәйкес маршруттың жанында бірнеше ғимарат бар. Сонымен қатар, уақытша құрылыс аймақтарына жақын жерде сезімтал әсер ету объектілері болады, оларды мердігер осы аймақтардың орналасқан жерін таңдағаннан кейін ескеру қажет.

Шу мен дірілге байланысты жағымсыз әсерлердің алдын алу үшін бірқатар қадамдар жасау ұсынылады, соның ішінде ықтимал сезімтал әсер ету нысандарын анықтау, шудың негізгі мониторингін жүргізу, құрылыс кезінде шу мен дірілдің күтілетін деңгейін бағалау және құрылыс кезінде шу мен дірілді бақылау.

Жол қозғалысының шуын, сондай-ақ көлік құралдарының саны мен құрамын ескеретін операциялық шуды модельдеуді бағалау қажет. Бағалау кезінде шуды скрининг түрінде жеңілдету қажеттілігін анықтауға болады. Шу экраны ауадағы ластаушы заттардың концентрациясын біршама төмендетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген талаптар ЭӘШЖ-ға енгізілген.

4.3. Ресурс тиімділігі

ҚОӨБ-да құрылысқа қажетті кейбір материалдар, сондай-ақ нормативтік құжаттар тұрғысынан олар сәйкес келуі тиіс талаптар анықталған, алайда материалдардың саны мен оларды алу орны сипатталмаған. Энергияны, суды, материалдарды және басқа ресурстарды пайдалану жағдайларын бағалауды жалпылау, сондай-ақ қалдықтарды қалпына келтіру және қайта пайдалану үшін ресурстарды пайдалану тиімділігі туралы Техникалық жазбаны (немесе оның баламасын) дайындау ұсынылады. Техникалық жазба ҚОӨБ туралы қосымша ақпарат ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, тасымалдау мен материалдарға байланысты жағымсыз әсерлерді азайту үшін жолдың жанындағы құрылыс материалдарының көздерін анықтау керек.

Жоғарыда көрсетілген талаптар ЭӘШЖ-ға енгізілген.

4.4. Парниктік газдар және климаттың өзгеруі

ҚОӨБ жобаны салу және пайдалану кезеңдеріне байланысты парниктік газдардың (ПГ) болжамды шығарындыларын анықтамайды және бағаламайды. Бұл талап ҚОӨБ Директивасына және ЕҚДБ-ның 3 (PR3) жобаларды жүзеге асыруға қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Парниктік газдар шығарындылары мен климаттың өзгеруіне бағалау жүргізу ұсынылады.

Жобаның климаттың өзгеруіне осалдығы ҚОӨБ шеңберінде қарастырылмады. Жобаның бейімделу потенциалын (жолдың климаттың өзгеруімен байланысты қауіптердің болжамды салдарын, минималды сәтсіздіктермен немесе шығындармен ескеру қабілеті) климаттың өзгеру қаупін бағалау арқылы анықтау қажет.

Жоғарыда көрсетілген талаптар ЭӘШЖ-ға енгізілген.

4.5. Суды пайдалану және ағын сулар

Құрылыс кезінде шаңның ластануын болдырмау үшін ішуге жарамсыз су негізінен жерге бүрку үшін қолданылады. Сондай-ақ өрт сөндіру мақсатында суды сақтау қажеттілігі туындайды.

ҚОӨБ-да жолдың кейбір учаскелері үшін ішуге жарамсыз су / құрылыс суы жобаның бағыты бойындағы каналдар мен құдықтардан, жақында бұрғыланған ұңғымалардан және Сарысу өзенінен алынатыны, ал кейбір жерлерде цистернамен жеткізілетіні көрсетілген. Су өндірілетін немесе тасымалданатын нақты жерлер белгісіз. Бұл құрғақ аймақ және бұл көздердің қажетті су көлемімен жұмыс істеуге жеткілікті қуатының бар-жоғы белгісіз.

Жеткілікті ресурстардың болуын қамтамасыз ету үшін ауыз судың және ішуге жарамсыз судың қажетті көлемін есептеу және қолда бар көздерді бағалау қажет. Бұл ресурстарды үй шаруашылықтары мен малдардың сумен қамтамасыз етілуіне әсер етпеуін қамтамасыз ету үшін оларды пайдаланудың қазіргі жағдайын анықтау маңызды. Бұл есептеу және зерттеу су ресурстарына және осы ресурстардың қазіргі пайдаланушыларына әсерін түсіну үшін қажет. Жоба құрылысы барысында суды пайдалануды және ағын сулардың пайда болуын қысқарту жөніндегі практикалық шараларды қарастыру қажет.

